

Жарқайың аудандық мәслихатының 2015 жылғы 4 мамырдағы № 5С-41/7 " Жарқайың ауданының Державин қаласы және ауылдық елді мекендер жер учаскелеріне, жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 6С-19/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 наурызда № 6468 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 қарашадағы № 7С-18/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 26.11.2021 № 7С-18/2 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың аудандық мәслихатының "Жарқайың ауданының Державин қаласы және ауылдық елді мекендер жер учаскелеріне, жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) туралы" 2015 жылғы 4 мамырдағы № 5С-41/7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4817 тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Жарқайың тынысы" және "Целинное знамя" аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда баяндалсын:

""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 510 бабына сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

тақырыбында және барлық мәтін бойынша "базалық" сөзі алынып тасталсын;

тақырыбында және барлық мәтін бойынша "жоғарылату", "төмендету", " жоғарылатылсын", " төмендетілсін", "ставкаларын", "ставкалары", " жоғарылатылмайды", "(төмендетілмейді)" сөздері "арттыру", "азайту", " арттырылсын", "азайтылсын", "мөлшерлемелерін", "мөлшерлемелері", " арттырылмайды", "(азайтылмайды)" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы

Ж.Мынбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Жарқайың ауданының әкімі

М.Балпан

26.02.2018

"Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік кірістер комитеті

Ақмола облысы бойынша

Мемлекеттік кірістер департаментінің

Г.Бекентаев

Жарқайың ауданы бойынша

Мемлекеттік кірістер басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

26.02.2018